

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қою туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2003 жылғы 21 ақпан N 185

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы келісімге қол қоюға келісім берілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министри

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мен Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі арасындағы ынтымақтастық туралы Келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен Сауд Арабиясы Корольдігінің Әділет министрлігі,

екі мемлекеттің әділет министрліктері арасындағы ынтымақтастықтың қажеттілігін тағи
отырып,

қазақстан мен араб заңгерлері арасындағы өзара түсіністік пен достық
қарым-қатынастарды нығайту мақсатында,
төмендегілер туралы келісті:

1-БАП

Тараптар мынадай бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады:

1) заң ғылымдары мен практикасының әр түрлі проблемалары бойынша екі жақты симпозиумдар, конференциялар мен семинарлар үйімдастыру;

2) заңнама және құқықтық құрылымдар туралы ақпарат алмасу;

3) әділет органдары мен мекемелері бір бірінің үйімдары мен және қызметімен танысу үшін Тараптар делегацияларымен алмасу;

4) Тараптардың әділет органдары мен мекемелерінің арасында әріптестік байланыстар орнату.

2-БАП

Осы Келісім шеңберінде Тараптар өзара мұддені білдіретін меншік қатынастары, инвестициялар және басқа да келісілген тақырыптар саласындағы бірлескен бағдарламаларды өзірлеу және заңнамаларды жетілдіру жөніндегі комиссия құруы мүмкін.

3-БАП

Осы Келісім шеңберінде Тараптардың ұлттық заңнамаларына сәйкес Тараптар тиісті қаржы мүмкіндіктерінен көріне отырып, келесі жылға арналған нақты бірлескен іс-шараларды қажеттілігіне қарай жыл сайын келісетін болады.

Тараптар ынтымақтастығы бойынша бірлескен іс-шараларды қаржыландыру кезінде оған сәйкес оларды ұйымдастыру және Тараптар делегацияларының келуі жөніндегі шығыстарды, сондай-ақ мүмкін болатын медициналық шығыстарды қабылдаушы Тарап, ал жөнелтуші Тарап - көлікпен бару және кері қайту жолақылары бойынша шығыстарды көтереді деген қағидатты ұстанады.

4-БАП

Осы Келісім Тараптардың өзара келісімі бойынша жазбаша нысанда өзгертілуі және
т о л ы қ т ы р ы л у ы м ү м к і н .

Осы Келісімнің қолданылу саласына қатысты мәселелер бойынша Тараптар арасындағы даулар мен көліспеушіліктер екі жақты келіссөздер мен консультациялар жолымен шешілетін болады.

5-БАП

Осы Келісім қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және шектеусіз уақытқа қолданылады. Ол Тараптардың бірімен жойылуы мүмкін және басқа Тарап оның әрекетін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарды алған күннен бастап алты ай өтісімен өз әрекетін тоқтатады.

200 ____ жылды қаласында жасалды, бұл сәйкес, әрқайсысы қазақ, араб және ағылшын, орыс тілдерінде екі данада әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін тұсіндіру кезінде келіспеушілік болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ ҮШІН МИНИСТРЛІГІ ҮШІН

*САУД АРАБИЯСЫ
КОРОЛЬДІГІНІЦ ӘДІЛЕТ*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК